

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Жаһандық үрей экономикасы





Мақсаты: Сара Ахмедтің «Аффективті экономика» эссесімен таныстыру, оның ішінде үрейдің жаһандық экономикасы туралы тезисті қарастыру.

Тірек сөздер: аффект, үрей, жеккөрушілік, тән, пана.

Сара Ахмедтің пікірінше, ұжымның қорғаныс формалары жұмыс жасайтын үрейді тудыратын процестер жайлы нақты тұжырымдар жасауға болады. Ахмедтің бұл пікірінің мәні мынада – үрейдің психикалық экономикасы болады, ол кейіннен әлеуметтік және ұжымдық деп бөлінеді. Аффекттің субъектіде немесе объектіде болуға қабілетсіздігі оның ұжымдық тәндердің үстінде генерациялануына мүмкіндік береді. Кеңістіктік және тәндік қорқыныш саясаты 11 қыркүйекке дейін үрейдің жаһандық экономикасында айқын болмаған-ды. Үрей терреоризммен байланысты айтылып келеді: террористер үрей тудыратын агенттер ретінде қабылданады, яғни басқаларға қорқыныш ұялататын, өлім тудырып, тек бұзуды көздейтін адамдар тобы. Австралияның премьер-министрі Джон Говард бен Ладеннің Америка құрама штаттарына және «әлемдік жүйеге, жеке тұлғалық еркінділік, діни шыдамдылық, демократия мен сауданың халықаралық еркін ағымына» деген «жеккөрушілігін» қорқыныш ұялату, тұрақсыздық пен белгісіздікті тудыру, қоғам мен елді бір-біріне қарсы қою әрекеті деп түсіндіреді (1). Содан кейін Говард террористік әрекеттерді халықаралық капиталдың қозғалысына қарсылық қана емес, австралийліктердің тәндеріне, олардың «еркін және жеңіл билеуге, әлемде үрейсіз қозғалуына» деген қарсылық деп бағалайды. Сара Ахмед үрей экономикасына «жабысатын» кез келген қозғалысқа сипаттама беріп, олардың түрлерін жіктейді.

Ең алдымен, біз Батыстағы субъектілердің тәндік қозғалысы қалай қорғалатыны туралы мәселені қарастырып көрелік. Америка, Австралия, Ұлыбритания субъектілерімен азаматтарына жасалған тікелей өсиеттер: «күнделікті істермен айналысыңдар», «саяхаттаңдар», «ақшаны жұмсаңдар немесе пайдаланыңдар» т.б. – террордың құрбаны болудан бас тарту тәсілі ретінде саналған. Шындығында, Америка құрама штаттарында азаматтарға қорықпауды ұсынған, американдық ұлттар террористік әрекеттерге қарсы тұра білетін қорықпайтын, батыл ретінде суреттеледі. Джордж Буш: «Үрей – Американың болашағы?» ма деген сұрақ заңды. Кейбіреулер террордың жоғарылап бара жатқаны туралы айтуда. Мен білемін, алда бізді қиындықтар мен қауіптер күтіп тұр. Алайда бұл ел біздің уақытымызды айқындайды. Уақыт бізді басқармайды, біз уақытты басқарамыз. Америка құрама штаттары күшті әрі тәуекелшіл болып тұрғанда, біздің осы күніміз террор ғасыры бола алмайды» (2). Содан кейін Буш өзіндік айқындау арқылы террор әрекетін – соғыс әрекетіне айналдырып, үрейдің туындау көзін жоюды ұсынады. Бұл дегеніміз – террордың ықпалы – тежейтін фактор емес, ремобилизацияға негіз болды.

Жекелеген тұлғалар мен топтар қоғамдағы кейбір оқиғалардан үрейленбеді дегенді білдірмейді; үрейдің нәтижелері – айқын. Үрей адамдарды біріктіріп қоймайды. Хайдеггер үрейдің объектісі жанамалап өтіп кетуі мүмкін екенін, бұл құрылымдық мүмкіндік – бастан кешетін үрейдің бір бөлігі болып саналатынын айтады. Оқиға жүзеге асып қойғанда, үрей абыржуға айналады. Бұл жерде мәселе үрейдің объектіге жақындауы емес, керісінше объектінің үрейге жақындауы туралы болып отыр. Оқиғаға жақындау адамдарды шабуылға ұшыраған бір ұлтқа біріктіреді.

Айта кететін жайт – бұндай біріктіру адамдардың қозғалысын шектеуі мүмкін, адамдар өздерін террористердің басты межесі деп сезіне бастайды. Адамдардың басынан кешірген үрейі – махаббат туралы патриоттық декларациясы ретінде танылды. Егер субъектілер үйінде қалса, үй бір тудың астында біріккен ұлттың символикалық кеңістігіне айналды. Бұл дегеніміз – ту – ұлттың махаббатын білдіру символы дегенді білдірмейді. Ту – жабысқақ белгі болып қабылданып тұр. Жабысқақтық басқа туларға жабысып, бірігу мен ынтымақтастық мағынасын бере бастайды. Ту – тарихи тұрғыдан территориалды басып алу белгісі, сондай-ақ ұлтқа деген махаббаттың белгісі ретінде «аяушылық» сезімін де тудыру қабілетіне ие құндылық. Джордж Пэкер «Нью-Йорк Таймс» журналында жариялаған мақаласында бұл туралы былай дейді: «Тулар раушан гүлдер секілді бүршік жарған кезде, хабарсыз кеткен суреттер секілді эмоциялар тудырды. Мен бұл туларды тәуекелшілдік, махаббат белгісі ретінде қабылдадым. Американдықтардың достастық сезімдері қалыптасты, себебі біз бәріміз де террористердің шабуылына ұшыраған едік». Үрейдің объектісінен алыстау «аяушылық» ретінде таныла бастайды. Егер ту жоғары көтерілмесе, оны қатысудан бас тарту немесе террордың билік



құрғаны деп қабылдауға болар еді (осы ретте Буштың мына фразасын келтіре кетсек: «Егер сіздер бізбен бірге екеніңізді көрсетпесеңіздер, онда «бізге қарсысыздар» дегенді білдіреді»).

Үрейдің объектісінен алынуы үйге қашумен байланысты. Д. Буштың 2002 жылғы жолдауында: «Біздің еліміз айнаға қарап, одан бойымыздағы тек жақсы нәрселерді көре алғандай болды», (3) – дейді. Сөйтіп, Америка құрама штаттары ұжымдық нарциссизм символы ретінде суреттеліп тұр: өзін-өзі сүйюі – ұлттық махаббат символы, террорлық іс-әрекеттерге «мен өз сүйіктілерімді сенен қорғаймын», – деген қарсы үндеу тастап тұрғандай.

Егер террордың іс-әрекеттері – үрей тудыруға талпыну болса, капитал мен кейбір денелердің қозғалысын қорғауға алып келері хақ. Кімнің әлсіздігі туралы сөз етіліп отыр? 11 қыркүйек оқиғасы туралы деректерге сүйенсек, терроризмге қатысы бар деген субъектілер қамалған. Тек Америка құрама штаттарында ғана емес, бүкіл Еуропа елдеріндегі «күмәнді» дегендер түгел ұсталған; Батыс елдердің үкіметі террорға дереу қарсылық білдірді: кімді террорға қатысы бар деп күмәнданса болды, есепсіз ұстай беру туралы заңнама қабылданды. 2000 жылғы терроризм туралы Заңға британдық қосымшада мемлекеттік хатшы Біріккен Патшалықтағы іс-әрекеттері ұлт қауіпсіздігіне қауіп төндіреді деп есептеген кез келген азаматты тұтқындауға рұқсат бере алды. Кез келген субъект – террорист болып шығуы мүмкін.

Алайда кез келген азамат террорист болуы мүмкін деген ұйғарым – оларды тұтқында ұзақ уақыт ұстап тұру дегенді білдірмеді. Деректерге сүйенсек, кейбір азаматтар есімдеріне, жұмыс орны немесе тұрғылықты жеріне қарай, аз күмән тудырса болды, тұтқындала берген екен. Аристид Р. Золберг бұл әрекетті – нәсілдік сүзгілеу деп атайды: «Америка құрама штаттарында 2001 жылдың 11 қыркүйек пен 11 қарашасы арасында ұсталған 1147 адамның кейбіреулері жанама себептермен, кейбіреулері «Таяу Шығыс немесе Оңтүстік Азиядан шыққандығы үшін» ғана тұтқындалған. Олар жол қозғалысын бұзғаны немесе күмәнді іс-әрекеттері үшін ұсталған». Мюнер Ахмад 11-қыркүйектен кейін «арабтардың, мұсылмандар мен оңтүстік азиялық иммигранттардың тәніне, психикасы мен құқықтарына қатыгез әрі жөнсіз шабуылдар жасалғанын» жазады (4). Шындығында, Лети Вольпп 11 қыркүйектегі шабуыл «Таяу Шығыс, араб және мұсылман елдерінен шыққан адамдарды бір категорияға біріктірген оқиға» болды деп жазды (5). Адамдарды «ықтимал террористер» деген топқа біріктіру – қазіргі кезде «қауіпті адамдар» категориясын құраған стереотиптерге байланысты болды. Бұл ретте біз Франц Фанон сипаттаған қара нәсілді адамдар туралы стереотипті қайталап тұр.

«Террорист» сөзі кейбір тәндерге себепсізден себепсіз телініп барады. Жалпы алғанда, терминдер арасындағы себептік-салдарлық қатынастар туралы жанама аргумент метонимия жасауға негіз болмайды.

Метонимия – террорист және ислам секілді сөздерді біріктіріп жіберді.

Көптеген зерттеушілер ислам мен терроризм арасында ешқандай байланыс жоқ екенін айтып бағуда. «Бұл – исламға қарсы соғыс емес» деген тұжырымдар «ислам террористері» деген сипаттаумен бірге қолданылып келеді. Қазіргі таңда «кім – террорист болуы мүмкін болса», «мұсылман болуы мүмкін» деген ұғымдар бірігіп кетті.

Осы жерде біз: «Үрейдің аффективті саясатындағы қауіпсіздіктің рөлі қандай?» деген сұрақ қойғымыз келіп отыр. Қауіпсіздік «біз» немесе «менді» жоққа шығарумен байланысты екенін айта кеткіміз келеді. Қауіпсіздік – шегараның қауіпсіздігі ғана емес. Сол сияқты үрей де – біздің өзімізден қорқымыз емес.

Шегаралар қорғау мақсатында құрылады. Шегараларды бұзу – шегараны құрастыруға ең маңызды алғышарт болып саналды. Үрей саясаты, жеккөрушілік шегаралық үрей ретінде танылды: үрей дегеніміз – «басқалардың» шегараға шабуылынан туындайтын қорқыныш сезімі.

Қауіпсіздік аясындағы дағдарысты хабарлай отырып, қауіпсіздіктің жаңа формалары, шегаралық полиция мен бақылау жүйелерін ақтап алдық. Дағдарысты хабарлау – жоқтан бар ету емес. Дағдарысты шынайы оқиғаға, фактілер мен цифрларға қатысты қолдануға болады. Мәселен, ажырасудың өсуі – үйлену мен отбасы құру мәселесінде дағдарыстың туындағанын білдіреді. Дағдарысты хабарлау – соғысты хабарлауға негіз бола алады.

Шын мәнінде, бұл – өлуден, өзінің өлімінен, туыстарының өлімінен, бүкіл қоғамның жойылуынан қорғау деген сөз. 11-қыркүйектен бастап адамдардың өлімі – террористер тарапынан ғана емес, терроризм мүмкіндіктерінен (секуляризация, мультикультурализм, әлеу-



меттік және отбасылық байланыстардың әлсіреуі) де жойылуының символы болып саналады. Айталық; Джерри Фаруэлл Америка құрама штаттарында тұрғанда: «Мен ерекше өмір ережесін қалыптастыруға тырысқан пұтқа табынушылар, түсік жасатушылар, феминистер, гейлер мен лесбиянкалар... Американы секуляризациялауға талпынғандарға саусағыммен нұсқап тұрып: «Сендер – осының болуына себепшісіңдер» деп айқайлағым келеді», – деп жазады. Біріккен Патшалықта 11 қыркүйектегі Британ ұлттық партиясына жауап ретінде «болашақтың рухани тәрбиесіне Біріккен патшалықтағы исламизация үдерісі қауіп төндіреді» деп білді: «Олар Британияны 2025 жылға қарай ислам республикасына айналдыруы мүмкін», – деп үрейленеді.

Террорды дінмен және қоғаммен байланыстыру билік құрушы саясат шеңберінде ғана жүзеге асады.

Ұлт пен әлемді қорғау үшін алғышарттың мәні мынадай: «осындай оқиғаға жауапты ішкі әлсіздікті көрсетудің орнына, біздің қорқынышты сейілтетін ішкі күшіміз бар екенін дәлелдеуіміз керек». «Жаппай жою әрекеттері біздің ұлтымызды хаосқа ұшыратып, кері шегінуге итермелеу үшін жасалынды. Бірақ олар сәтсіздікке ұшырады: біздің еліміз күшті болып шықты», – дейді Буш. Террорға қарсы реакция ұлттар мен әлемдік қауымдастықтан ерікті ұлттарды қалыптастыру тәсілі болып саналды.

Шын мәнінде, Джордж Буштың 2002 жылғы қауіпсіздік туралы пікірі демократиялық азаматтықты полицейлік әрекетке айналдыру төңірегінде өрбіді. Үкімет отанның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қызмет етеді, Америка онда өмір сүретін азаматтардың көзі мен құлағына тәуелді. Азаматтық «көршіні бақылау» формасына ауысты: әрбір азамат «күдікті адамдарға бақылау» жасауға мәжбүр болды. Полиция мен адамдардың рөлі – махаббат императивті ретінде қабылданды, мұнда махаббат – қоғамның негізі, болашақтың кепілі болып саналады. Американың террорды жеңуіне мүмкіндік беретін құндылықтар – еркіндік, махаббат, аяушылық сезімдері. Бұл құндылықтар идеалдарды қалыптастырып қоймай, жүріс-тұрыстың демократиялық нормаларын, яғни азамат болу деген не, азаматтық қоғамда өмір сүрудің мәні қандай, заңнамалық үкімет деген не деген мәселелерде ұстаным нормаларын да айқындайды. Халықаралық азаматтық қоғамның бір бөлігі болу үшін, яғни «қуғындалған мемлекет» атану үшін басқалар осы жүріс-тұрыс пен билік формаларын «көшіріп алуы керек».

Бұл әлеуметтік формалар «ең жақсы», ашық формалар ретінде сәйкестендіріледі: либералды демократия – Америка құрама штаттары үшін «жақсы» билік формасы болып саналды. «Әйелдерге құрметпен қарау», «діни шыдамдылық» – Американы күшті әрі еркін ететін басты екі құндылық болып саналды. Бұл «әйелдерді діни фундаментализмнен қорғау» ретіндегі соғыс туралы сөз етуге дәлел болды: ұзақ тарихы бар нарратив ретінде танылды. Көпшілік феминистік сыншылар бұл нарратив өзге мәдениеттердің гетерогендігін ғана емес, әйелдердің феминистік жүйелерін (соның ішінде Ауғанстанда), Америка құрама штаттарындағы гендерлік аспектілерді сақтауды да ескермеді.

Әлеуметтік формаларды сақтау/жоғалту механизмдері ретіндегі үрейдің дегенерациясы бір тәнмен байланысты. Басқа әлеуметтік формалардың қауіп төндіруі – құндылықтардан бас тарту салдарының қауіпі ретінде сипатталады.

Бұл әлемнің «шындықтарына» қарсы шыққандар – террористермен бір қатарда қаралады. Олар әлемді бұзуға талпынушылар деп бағаланады. Сондықтан бүгінгі күннің құндылықтарын сақтауға тырысатын нарративтер – өлімнің қауіпіне ықпал ете отырып, кейбір тәндердің қорқынышын айқындайды. Мұндай тәндер одан сайын қорқыныш туырады, себебі олар бір объектіде ұзақ уақыт тұра алады немесе «жаныңыздан өтіп кетуі мүмкін». Бұл дегеніміз – қорғаныс әрекеттері ешқашан толастамауы керек. Қорғаныс болашақ үшін қорқуды туындатады.

Осы жерде біз халықаралық террористің үрей экономикасындағы рөлі туралы пайымдай аламыз. Ел ішіндегі кейбір күдіктілерді тұтқындау құқығын беретін нарратив «кім көрінген әрі қайда болса да, террорист болуы мүмкін» деген құрылымдық ықтималдылыққа байланысты. «Ықтимал» террористер туралы нарратив – екі жақты түсініледі: бір жағынан, террористің бейнесі басқа денелерден өзгеше, олар билікке ұмтылып тұрады. Үрей осы денелерге жабысып қалады. Үрей бұл жерде кейбір денелердің қозғалысын кеңейту үшін жұмыс жасап тұр. Самюэль Вебер: «Терроризм – халықаралық сипат алғанда, оны табу, анықтау мүмкін болмайды», – деп жазады



(Ланкастер университетінде оқыған «Соғыс, терроризм және спектакль» презентациясынан үзінді, 2001 жылдың желтоқсан айы).

Халықаралық террорист бейнесі – пана іздеуші бейнелермен байланысты қаралады. Осы бейнелердің бір-біріне үйлесімді ауысуы үшін үлкен жұмыстар жүргізілуі керек: бұл дегеніміз – пана іздеген бейнелер террордан және қудалаудан қашып отырғандай өтірік көрінуі мүмкін, шын мәнінде олар террор агенттері болуы мүмкін. Олар террористер секілді ықтимал ұрлықшылар ретінде сәйкестендіріледі: ұлт істерін заңсыз бұзушылар. Австралияда, айталық, «Тампа» кемесіне теңізге жіберуге рұқсат етпеу себебін – олардың ішіндегі кейбір қашқындар Усама бен Ладенмен байланысты болуы мүмкін деген жораламға байланысты түсіндірілді (оның ішінде 433 пана іздеген қашқындардың көпшілігі Ауғанстаннан келген болатын). Пана іздеуші мен террорист бейнелерін «жабыстыру» – үйсіздердің қауіп төндіру көзі болуы мүмкін деген ойға байланысты қалыптасты. Пана іздеген адамдардың бейнесі террористердің бейнесіне ұқсайды: үйі жоқ адамдар «біздің үйімізді» бұзуы мүмкін.

Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. «Жабыстыру» механизмінің қызметі неде?
2. Үрей экономикасында қозғалыс формалары мен тәндік шектелу, тұтқындау немесе ұстау секілді ұғымдардың мәніне сипаттама беріңіз.

Әдебиеттер

1. Howard John. Address to the Australian Defence Association//Australian Department of Foreign Affairs. – 25 October 2001. www.dfat.gov.au/icat/pm_251001_speech.html (доступ 23 июля 2002).
2. Bush W. George. Address to a joint session of Congress and the American people// www.whitehouse.gov/news/releases/2001/09/20010920-8.html (доступ 20 сентября 2001).
3. Bush W. George. State of the Union address, 2002// www.whitehouse.gov/news/releases/2002/01/20020129-11.html (доступ 23 июля 2002).
4. Zolberg R. Aristide. Guarding the Gates. Understanding September 11. – New York: New Press, 2002.
5. Volpp Letti. The Citizen and the Terrorist// UCLA Law Review. – 2002. – 49.
6. Dillon Michael. The Politics of Security. – London: Routledge, 1996.